


***Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі***

№ 7, 2016

***Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий***




Илешева Р.Г. Медициналық психология: Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 242 б.


Оқу құралында медициналық психология пәнінің жалпы психологиямен, оның тармақтарымен байланысы; медициналық этика мен деонтологияның маңызы; психика туралы ғылымның философиялық - теориялық негіздері; психикалық үрдістер (түйсік, қабылдау, қиял, ойлау, ес, интеллект, сана, эмоция, ерік); жеке адам (кісі, тұлға); жеке адамның акцентуациясы мен ауытқулығы (психопатия); психологиялық жағдайларды зерттейтін әдістер; психотерапия, оның түрлері мен принциптері; ауру адамның психологиясы, дәрігердің психологиясы, олардың қарым-қатынастары; психогигиена мен психопрофилактика туралы мәліметтер келтірілген.

Кедельбаев Б.Ш., Мамырбекова А.К. «Медициналық және ветеринарлық биотехнология» пәнінен дәріс жинағы. – Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, 2014. – 134 б.

050701 «Биотехнология» мамандығының студенттеріне «Медициналық және ветеринарлық биотехнология» пәнінен құрастырылған дәрістік жинақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес бағдарлама мен оқу жоспарының талабына сай барлық қажетті мәліметтерді қамтиды.


Дәрістік жинақ жоғары оқу орнында 050701- Биотехнология мамандығы бойынша білім алатын студенттерге «Медициналық және ветеринарлық биотехнология» пәнінен оқу бағдарламасы және жоспарының барлық талаптарына сай 15 дәрістен құрастырылды. Авторлар бұл еңбекте генді инженериясы негізінде ақуызды өнімдер: интерферондар, инсулин, интерлейкиндер, иммунобиопрепараттар және де биологиялық активті заттар: антибиотиктер, стероидты гормандардың өндірістік көлемде алу жолдарын қамтыды.





Илешева Р.Г. Психиатрия. – Алматы: «Нур-Принт», 2014. – 257 б.


Оқу құралында бағдарламаға сәйкес жалпы және жеке психиатрия тараулары қамтылған. Психопатологиялық белгілер мен синдромдар, ересек және жас адамдардағы алуан түрлі ауруларды зерттеу әдістемесі толық, көрсетілген.



Ізтаев Ә.І., Ермекбаев С.Б. Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану: Оқулық. – Алматы, 2014. – 416 б.

Оқулықта егіншілік тарихы, оның дамуы, Қазақстандағы егіншіліктің жайы жөнінде қысқаша түсінік берілген. Астық өсіру, оны күтіп-баптау, мол өнім алу, сапасын жақсарту, астықтан түрлі өнімдер өндіру технологиясы хақында жан-жақты баяндалған. Астық дақылдарының түрлері келтіріліп, олардың сұрылымы, физиологиялық ерекшеліктері қарастырылған.


Сондай-ақ астық, тұқым, ұн, жарма және құрама жем өнімдерінің сапа көрсеткіштерін анықтаудың стандарттық әдістері зерделенген, кейбір көрсеткіштерді есептеу мысалдары мен білім деңгейін бақылауға арналған сұрақтар сыналған.



Мусанов Ә. Тау жыныстарын талқандау технологиясы: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2014. – 168 б.


Оқу құралында тау жыныстарының қасиеттері сипатталып, оларды анықтау әдістері жөнінде мағлұматтар берілген. Ұңғы бұрғылау процестеріне зор әсер ететін тау жыныстарының қасиеттері көп қарастырылған. Тау жыныстарын талқандайтын негізгі және қосымша құралдар келтірілген. Тау жыныстарын әр түрлі әдістермен талқандағанда жүргізілетін процестерге талдау жүргізілген. Әсіресе қазіргі кезде көп қолданылатын әдістерге көп көңіл бөлініп, талқандау механизмі терең қарастырылған.

Кітапта пайдалы қазбалар кен орындарын барлаудың технологиясы мен техникасы мамандығына арналған оқу бағдарламасына сәйкес материалдар жинақталып сұрыпталған.




Есимова А.М., Приходько Н.А., Надирова Ж.К. Биоинженерия негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 148 б.

Биоинженерия негіздері оқу құралында биологиялық жүйелерге қатысты процестерді масштабтау және үйлесімдеу теориясының негізгі жағдайлары қарастырылған. Биотехнологиялық процестерді құрастыруда моделдеу көмегімен тәжірибелі және математикалық процестер зерттеліп құрастырылған.




Архипов Ю.В., Ашықбаева Ә.Б., Асқарұлы Ә., Дәулетов А.Е. «Плазма электродинамикасының негіздері» курсы бойынша дәрістердің қысқаша мазмұны: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 97 б.

Оқу-әдістемелік құралы «Плазма электродинамикасының негіздері» курсы бойынша дәрістердің қысқаша мазмұны болып табылады; мұнда тығыз және тығыз емес плазмада болатын электродинамикалық процестер қарастырылған. Материалды толығымен игеру үшін дәрістердің орыс тіліндегі нұсқасы берілген.



Асылбеков М., Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. - 280 б.

Кітапта Қазақстандағы тарих саласының дамуына өзіндік үлес қосқан ірі ғалымдардың бірі академик М.Қ. Қозыбаевтың өмірі, шығармашылық мұрасы, ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметіне талдау жасалып, баға берілген. Ғалымның ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихына ерекше көңіл бөліп, әлі нақтылана зерттеліп, өзіндік бағасын алмаған, кеңестік идеологияның шырмауында болып келген мәселелерді көтеріп, әділ бағалануына көшбасшы болғаны көрсетілген. Әсіресе, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа, Қазақстанда Кеңес өкіметі орнауы мен азамат соғысы 1920-1930 жылдардың күрделі, қайшылыққа толы мәселелеріне, оның ішінде ашаршылық, зұлмат, қуғын-сүргінге, 1941-1945 жж. Кеңес Одағының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне Қазақстанның қосқан үлесіне арналған іргелі еңбектерінің Отан тарихын дамытудағы орны мен рөлі баяндалған.




Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық. – Алматы: РПБК "Дәуір", 2014. – 336 б.

Оқулық адамзаттың пайда болуы, ұлттардың шығу тарихы және олардың өткені, бүгіні, болашағы туралы мәселе қозғайды. Сондай-ақ, Ресей, Қазақстан, Орта Азия, Кавказ және Түркия халықтарының рухани мәдениеті, халық педагогикасы мен этнопедагогиканың өзара байланысы, этномәдениеттің ұқсастығы мен айырмашылығы, оның халықтық тәрбиенің бастау бұлағы екендігі, ұлттық менталитеттің діни көзқарастары мен мәдениет бірлігі ғылыми дәйектілікпен баяндалған.



Мүрәлінов К.Қ. Оперативтік хирургия. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 416 б.


Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі ветеринария және мал өсіру институтының оқу әдістемелік кеңесі ветеринарлық медицина факультетінің студенттеріне арналған оқу құрал ретінде басып шығаруға рұқсат еткен.



Әмір Р.С., Әмірова Ж.Р. Қазіргі қазақ тілі, құрмалас сөйлемдер жүйесі: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 110 б.

Оқулық 2009 жылы жарық көрген «Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде» деген оқу құралы негізінде толықтырылып ұсынылып отыр. Оқулықтың алдына қойған басты мақсаты студенттерге қазақ тілі білімі жөнінде басты теориялық мәлімет берумен қатар, олардың тіліміз жөніндегі компетенциясын мол етіп қалыптастырып, лебіз құру үстіндегі талғамына сай келетін тілдегі ресурстарды ашып тануға, игеруге ұмтылдыру. Әр салаға қатысты теориялық түсініктерді іс-тәжірибеде бекітетін практикалық тапсырмалар, қажетті әдебиеттер тізімі әр тақырыптан кейін берілген.

Тапсырмалар теориялық тақырыптарды игеруді, оның практикалық аспектілерін пысықтайтын ұтымды жолдарына байланыстырылып құрылған.




Дүрмекбаева Ш., Мемешов С. Қазақстандағы экология жағдайының қалыптасуы: Оқулық. – Астана, 2014. – 160 б.

Оқулықта Қазақстанның экологиялық аймақтары, атмосфералық ауа, су, жер, өсімдік және жануарлар ресурстарының экологиялық жағдайлары, пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған ортаға тигізетін әсері, экологиялық апат аймақтары, Қазақстанның радиоэкологиялық жағдайы, қалыптасқан экологиялық мәселелердің пайда болуының кездері мен экологиялық зардаптары, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдары және қорғау шаралары қарастырылады.




Кентбаев Е.Ж., Кентбаева Б.А., Қаспақбаев Е.М. Қазақстан екпе ормандарын өсіру ағаштары мен бұталары: Оқулық. – Алматы, 2014. – 364 б.

Оқулық биологияға, экологияға, морфологияға қатысты негізгі сұрақтарды, орман өсіру мен өндірістің басқа салаларының көп жылдық ғылыми зерттеулері негізінде табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып, орман тұқым ісінің, Қазақстанның ағаштары мен бұталарын өсіру агротехникасының сауалдарын қарастырады. Оқулықта қарастырылатын ағаш түрлері орман өсіруде, көгалдандыру және т.б. пайдаланылады.




Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 168 б.

Монографияда ұлттық терминдер жүйесін жасаудағы көздердің бірі - араб, парсы тілдік бірліктерінің терминжасамға қатысты мәселелері қарастырылады. Еңбекті араб-парсы-қазақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы курсы, қазақ әдеби тілінің тарихы, терминтану сияқты теориялық курстардан дәріс оқуда пайдалануға болады.



Жылуэнергетика терминдерінің түсіндірме сөздігі (қазақша-орысша, орысша-қазақша) = Толковый словарь теплоэнергетических терминов (казахско-русский, русско-казахский). – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2014. – 412 б.

Сөздікте жылу энергетикасында кеңінен қолданылатын терминдер қазақ және орыс тілінде жинақталып, барлығының мағынасы түсіндірілген. Сонымен қатар, сол терминдердің ағылшын тіліне аудармасы келтірілген. Шет тілінен алынған терминдердің мүмкіндігінше этимологиясы да келтірілген.




Бекалай Н. Жылу техникалық өлшеулер және бақылау: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2014. – 144 б.

Оқу құралында өлшеу информациясын жинақтауға, түрлендіруге, өңдеуге және дистанциялық жеткізуге ыңғайлы түрдегі сигналдар өндіруді қамтамасыз ететін көптеген алуан түрлі өлшеу құралдары қарастырылған.



Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект): монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 250 б.

Кітапта XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы капиталистік қатынастар және еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі нарықтық экономиканың қалыптасуы туралы мәселелерге арналған зерттеу жұмыстарына тарихнамалық талдау жасалған.




Медетбекова П.Т. «Мен vs. және» жалғаулық шылауларының лингвостатистикалық сипаты: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 162 б.

Монографияда мен/бен/пен жалғаулық шылаулары варианттарының квантитативтік көрсеткішінің жалғамалы тіл - қазақ тілінің үндестігі құрылымына сәйкес типологиялық белгілерге тәуелділігін анықтауына орай, мен/бен/пен мен және жалғаулық шылауларының функционалды-семантикалық, функционалды-семантикалық ерекшеліктерін сипаттауына, аталмыш жалғаулықтардың қолданылуындағы онтологиялық сәйкестіктер мен сәйкессіздіктерді анықтауына байланысты көрсетіледі.




Төлеубаев Ж.С., Мирзадинов Р.А., Оразбаев Қ.И. Қолданбалы биология: Оқулық. – Алматы, 2014. – 512 б.

«Қолданбалы биология» оқулығы адамзатқа өте маңызды саланы - агрономияны сипаттайды. Агрономияның негізі топырақ болғандықтан, бірінші бөлім топырақтың негізі геология мен минералогиядан басталады. Екінші бөлімінде топырақ түзілу үдерістері мен Қазақстан топырақтары қарастырылған. Үшінші және төртінші бөлімдерінде егіншілік шаруашылығы мен агрохимия негіздері сипатталады. Бесінші бөлімде өсімдік шаруашылығында қолданатын дақылдардың морфологиясы, биологиясы, өнімділігі мен маңызы келтірілген.



Нұрғазы Қ.Ш., Өміржанова Н.М. Зоогеография: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2014. – 364 б.

Оқулықта зоогеографияны арнайы пән ғана емес, сонымен қатар ғылым ретінде жануарлардың таксономиялық және экологиялық топтарының географиялық коныстануының және таралуының, сол сияқты топтардың орналасуының себептері, заңдылықтары туралы жан-жақты баяндалған.




Әл-Фараби және қазіргі заман: оқу құралы / Ғ.М. Мұтанов, К.Х. Таджикова, М.Ш. Хасанов, Г.Ж. Нұрышева, Г.Қ. Құрманғалиева, Н.Л. Сейтахметова, А.С. Сырғақбаева, Б.А. Джамбаева; жалпы ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов; Қазақ тіліне ауд. Г.Ж. Нұрышева. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 239 б.


Оқу құралында орта ғасырдың ұлы ғалымы және философы Әбу Нәсір әл-Фарабидің негізгі ғылыми және философиялық көзқарастары қазіргі заманмен байланысты қарастырылған. Әл-Фараби Аристотельдің энциклопедиялық ғылыми жүйесін жалғастырушы ретінде көрсетіледі. Оның философиялық мұрасы арабтілді философияның маңызды мәселелерінің бірі - бақытқа жету жолдарын іздеу тұрғысынан сарапталған.

Мелдебеков А.М., Бекенов А.Б. Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлары = Редкие и исчезающие животные Казахстана. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 244 б.

Қазіргі кезде табиғат байлықтарын қорғау және қадірлей білу мәселесі - бүкіл дүние жүзі үшін аса маңызды проблемалардың біріне айналып отыр. Сол халық қазынасының бірі - дәмді ет, бағалы тері, дәрі-дәрмектік шикізат беретін жануарлар дүниесі. Қазақстанда бұл байлықтың қоры әлі де мол. Деседе, олардың ішінде біраз түрлерінің саны азайып, тіпті жойылып кету қаупінде тұрғандары бар.


Авторлардың бұл еңбегінде республика территориясында саны сиреп кеткен омыртқалы жануарлардың 132 түрі жайлы кеңінен әңгімеленеді. Олардың таралуы, сан мөлшері, өніп-өсуі, биологиялық ерекшеліктері және қорғау, санын көбейту шаралары сөз болады.






Әжіғали С.Е. Маңқыстау мен Үстірт ескерткіштері = Памятники Манкыстау и Устырта = Monuments of Mankystau and Ustyurt: кітап-альбом. – Алматы: Өнер, 2014. – 504 б.

Маңқыстау түбегі мен Үстірт жазығының халық сәулетшілігі мен тас қашау өнерінің теңдесі жоқ ескерткіштеріне арналған, бай иллюстрацияланған, ғылыми-таным, тартулық қорытынды басылым. Іргелі негіздемелік принципте дайындалған, Еуразия даласының өзіндік бітімдегі өңірінің тарихы мен мәдениеті, табиғаты жайлы және ең алдымен мемориалдық-ғибадаттық кешендердің ерекшеліктері және архитектуралық ескерткіштердің б.д. II мыңжылдықта барлық түрлерін: мешіттер, мавзолейлер, сағанатамдар, стелалар мен қабіртастар жайлы тартымды баяндайтын 12 бөлімнен тұратын үлкен кітап-альбом. Әрбір бөлім мәтіннен (үш тілде) және иллюстрациялардан (барлығы 600-ге жуық сурет) тұрады.



Аликбаева М.Б. Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ілімі: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 173 б.

Монографияда әл-Фарабидің музыка теориясындағы идеяларына және ондағы ғылыми-философиялық ой мен эстетикалық танымның қағидаларына байланысты қалыптасқан пайымдауларға философиялық талдаулар жасалынады. Музыка ғылымының қалыптасуының тарихи-философиялық бастаулары мен осы саланың іргетасын қалауда ерекше орын алатын әл-Фарабидің музыка ілімінің философиялық мәселелері тарихи-мәдени және аксиологиялық тұрғыда тұжырымдалып, жан-жақты қарастырылады.



Мәтбек Н.Қ. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 56 б.


Бұл оқу-әдістемелік құралда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, оқытуда қолданылатын озық технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары сөз болады.



Әнес С. Бес Мейрам. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 397 б.


Тайпалар тарихында «мен мұңдалап» қол бұлғап, көзге көрініп тұрған ештеңе жоқ, бәрі де ғасырлар шаң-тозаңына көмілген бүркеулі қалпында. Тарихымыздың осынау көмес тұстарын ашуға бел байлап, бас тіккендіктен Сарыарқаның көлбеген сағымдай бұлыңғыр заманына қалай сүңгіп кеткенімді өзім де білмей қалдым. «Көз қорқақ, қол батыр міне, «Бес Мейрам» кітабы хатталып, алдымда жатыр. Аталмыш зерттеудің шыр пырында қараңғы түндегі жолаушыдай жолсызбен жүрдім десем артық айтқандық емес, адасып кеткен кездерім де болды, тістей қатып, табандап тіресіп, жоқтан бар жасағандай болып, тапқандарым да аз емес. Сайып келгенде, Бес Мейрамның ежелгі, кейінгі тарихы бір ізге түзіліп, оқырманға жол тартқалы отыр.

«Бес Мейрам» зерттеуі-алдымызда тұрған Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналып жазылды.




Қалыбеков Т., Мейірбеков Е. Геодезиялық практикум: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 168 б.

Оқу құралында геодезия пәнінің зертханалық жұмыстары туралы негізгі мәліметтер және оларды орындауға арналған жалпы нұсқаулар берілген. Кітапта топографиялық карталармен және пландармен жұмыс істеу, бұрыштарды, ара қашықтықтарды, биік айырымдарды өлшеу қарастырылған, сонымен қатар топографиялық түсірістің планын, нивелирлеудің профилін құру, геологиялық барлау барысындағы және өнеркәсіп алаңдарындағы инженерлік-геодезиялық есептер туралы мысалдар келтірілген.




Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Төлешова Ү.Б., Тойбаев Ә.Ж., Жұмабекова Қ.Б. Жоғары мектеп педагогикасы, – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 190 б.

Оқу құралында жоғары мектеп педагогикасының өзекті мәселелері: Қазақстанның жоғары білім алуды дамыту тенденциялары және жоғары оқу орындарының педагогикалық процесінің мазмұны, әдіс-тәсілдері, оқытуды ұйымдастырудың түрлері қарастырылған. Сонымен қатар практикалық тапсырмалар берілген.



Сүлейменова С.Ж., Асқарова Ә.О. Қазақстан Республикасының азаматтарын әлеуметтік-еңбекпен оңалтуды құқықтық реттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 56 б.

Оқу құралы студенттердің теориялық жағдайларды тәжірибеде дұрыс қолдана білуі үшін азаматтарды әлеуметтік-еңбекпен оңалтуды құқықтық тіркеу тізілімдер нысандарымен, куәландырылатын құжаттар және мәмілелермен танысу, азаматтарды әлеуметтік-еңбекпен оңалту саласындағы нақты құқықтары мен міндеттерін, оларға қойылатын құқықтық, өнегелі талаптарды білуі мақсатында дайындалған.




Амантай Ж.Б., Кадикова С.И., Ақын Б.Қ., Сайто А., Хашимото А., Ивагаки Такахино Жапонша-қазақша саяси-экономикалық терминдер сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 88 б.

Бұл сөздік жапонша-қазақша саяси-экономикалық терминдердің жүйелеп топтастырылған, оның ішінде оқылуы да берілген еңбек болып табылады. Сөздікте жапон тіліндегі БАК жиі кездесетін сөздер жарық көрген.



Абдулкаримова Р.Г., Кудьярова Ж.Б. Кристаллохимия: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 140 б.

Бұл оқу құралында кристалдардың симметрия қасиеттері, кеңістікте орналасу заңдылықтары, кристалдар құрылымының заттың химиялық, физикалық қасиеттеріне әсері берілген. Геометриялық кристаллография элементтері, кеңістік топтар қарастырылған. Кристалдардың қарапайым формалары мен симметрия теориясына көп көңіл бөлінген. Кристаллография пәні көлемінде химия мамандығына өте қажетті рентгенфазалық және рентгенқұрылымдық анализдері көрсетілген.



Мурадов А.Д., Мукажанов Е.Б., Сарсембаев Г.Б. Материалтану негіздеріне кіріспе: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 102 б.

Оқу құралында материалтану саласының негізгі бөлімдері бойынша қысқаша теориялық материал жинақталып және сол бөлімге қатысты бақылау сұрақтары келтірілген.



Қойшыбаев Н., Досаева Б., Кемелжанова С., Нұрбақыт Г. Жалпы физиканың практикалық курсы: үш томдық оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 2-том. Электр және магнетизм. – 284 б.

Бұл оқу құралы физика саласы бойынша электр және магнетизм бөлімін қарастырады. Әр тақырып бойынша 300-дей есептер шығару жолдарымен көрсетілген.

Студенттерге арналған бұл оқу құралы жоғары оқу орындарында физика саласында мамандар дайындауда зор ықпалын тигізеді және есептер шығару барысында осы сала бойынша көмек көрсетеді.




Тұңғышбаев Қ. Қанға боялған күнделік. 1943. – Алматы: «СаҒа», 2015. – 108 б.

«Қанға боялған күнделік. 1943» атты бұл кітап қатардағы қазақ жауынгері Қалжан Тұңғышбаевтың 1943-1944 жылдары майданда жүріп жазған дүниесі. Қолжазба араға 70 жыл салып қана кітап болып жарық көріп отыр. Автор бұл жазбасын жас қазақ интеллигенттеріне арнап жазған екен.



Механика: жалпы физикалық практикум / С.И. Исатаев, Ә.С. Асқарова, С.Ә. Бөлегенова [және т.б.]. – Түзет., толықт. 2-басылым. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 218 б.

Оқу құралы университеттердің жалпы физика курсы бойынша бағдарламасына сәйкес жазылған. Түзетілген және толықтырылған екінші басылым жалпы физика курсының «Механика. Жалпы физикалық практикум» бөлімі бойынша 17 жұмысты қамтиды. Әрбір жұмыста қысқаша теориялық материал, эксперименттік құрылым және жұмыс тапсырмалары мен әдістемесі алынған эксперименттік деректерді өңдеу жолдары келтірілген.



Нұсқабаев О. Маңғытай, Маңғыт, Ноғай тарихы (Зерттеу). – Алматы. «Қазақстан» баспа үйі. 2015. – 256 б.

Зерттеуде бірде Маңғытай, бірде Маңғыт, бірде Ноғай делініп жүрген тайпалық бірлік жұртының шығу тегі, генеологиялық түзілімі, онан кейінгі быт-шыты шығып шашылу кезеңдері, тарихи деректер, құжаттық мәліметтер, шежірелік мағлұматтар және жыр-дастандарда шығармаланған сюжеттік көріністер негізінде мазмұндалады. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған сілтемелік айқындамалар аясында «Маңғытай», «Маңғыт», «Ноғай» этнонимдерінің мән-мағыналары жаңаша термеленеді. Бірлік жұртының рулық құрамы, қоныстық өңірлері, сондай-ақ бүгінгі таңдағы түбі түрік текті ұлттар мен ұлыстар құрамындағы тіршілік иірімдері екшеленеді.




Әбдіқалықова Р.А., Рахметуллаева Р.Қ., Үркімбаева П.И. Полимерлердің химиясы мен физикасы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.


Оқу құралында жоғары молекулалық қосылыстар химиясының негізгі түсініктері мен анықтамалары, радикалды полимерлеу әдісі мен алу жолдарының механизмдері және теориясы, поликонденсациялау әдістерінің негіздері мен реакциялары жазылған. Полимер ерітінділері, полимердің физика-механикалық ерекшеліктері жөнінде теориялық мағлұматтар берілген, полимерлерді химиялық модификациялау арқылы жана полимерлі материалдар алу жолдары толығымен қарастырылған және практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары, студенттердің білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында тест тапсырмалары келтірілген.

Қойшыбаев Б. Қазақ мемлекеті тарихына көзқарас: тарихи очерк. – Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2015. – 136 б.

Белгілі жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың қолдарыңыздағы «Қазақ мемлекеті тарихына көзқарас» атты тарихи очерк сипатында жазылған кітабына қазақ мемлекеттігінің хандық түрінде құрылуы, дамуы, сыртқы жаулардан қорғануы, одақтас іздеуі, біртіндеп тәуелсіздігінен айырылуы, отарлануы және қайта жаңғыруы жайындағы тарихи-танымды әңгімелер енген.

Қазақ халқы 15-ші ғасырдың ортасынан өте бере өз атымен дербес мемлекет құрып, тарих сахнасына шықты. Биыл осы тарихи оқиғаның - Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады. Мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайта түсетін, көптен аңсаған, үміт арта күткен мерейлі датаны атап өтуге дайындық барысында жас ұрпаққа тиісті рухани азық беру маңызды. Оқырман назарына ұсынылып отырған осынау кітапта Қазақ мемлекеті тарихына танымды шолу жасалады. Хандықтың негізін қалап, іргесін кеңейтуіне атсалысқан, елді басқыншылық соғыстардан қорғаған хандар мен батырлар, тарихи ахуал, ішкі қайшылықтар, дербестікті жоғалту, жер-судың бөтен мемлекет меншігіне өтуі және шынайы тәуелсіздікке қол жеткізген ауыр жол жайында сөз болады.





Касымканова Х.М., Жангулова Г.К., Бастаубаева Д.Ж., Байдаулетова Г.К. Құрылыс ғимараттарын салу кезінде геодезиялық қамтамасыз ету: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 198 б.

Оқу құралында келешек мамандарға пәннің практикалық жұмыс кезіндегі орны, көрсету, геодезиялық жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және оларды жобалау кезіндегі пайдалана білу, геодезиялық аспаптардың құрылыстарын жете үйрету, теориялық терең білім беру, жобалық және жиілетілген жүйе биіктіктері мен жобалық-биіктік негіздерінің геодезиялық өлшеу нәтижелерін, математикалық өңдеу теориясы геодезиялық өлшеу тәсілдерін оқып үйрету қарастырылған.



Төлебаев Т.Ә. Қосалқы тарихи пәндер. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – II бөлім. – 127 б.

Бұл оқу құралы өткен жылы жарық көрген I бөлімнің жалғасы және мұнда қосалқы тарихи пәндердің геральдика, тарихи метрология, палеография сияқты күрделі салалары баяндалған, тест сұрақтары мен студенттердің өзіндік жұмыстары үшін қосымша тапсырмалар берілген.




Қазақ халық әдебиеті: екі томдық хрестоматия / Құраст. проф. С. Садырбайұлы; жалпы ред. басқ. проф. Қ. Әбдесұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – I том. – 275 б.

Қазақ халқының фольклорлық шығармаларының негізінде құрас- тырылған бұл кітап екі томнан тұрады: халық творчествосының өзіндік ерекшеліктері мен теориясы; фольклорлық жанрлардың ең таңдаулы үлгілерінің нұсқалары.




Мұстафа Шоқай: ұлылық ұлағаты [Алаш ардақтысы, түркі халықтарының ұлы саяси қайраткері, гуманист Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналады / Мұстафа Шоқайдың 125 жылдығына орай/]. Екі томдық. I том. /Құраст. Л.Д.Әбеннова. - Алматы: «Ғылым ордасы» РМК баспасы, 2015. - 436 б.

Жинақ түркі әлеміндегі ірі тұлғалардың бірі, бүкіл ғұмырын Түркістанның тәуелсіздік алып дербес мемлекет ретінде өмір сүруі үшін күреске арнаған, ғұлама ғалым, көреген саясаткер Мұстафа Шоқайға арналған. Оқырман қайраткердің өмірі мен қызметі жөніндегі зерттеулермен қатар, оның таңдамалы еңбектері, хаттары мен соңғы жазбалары, мұрағаттық құжаттары, оның жұбайы Мария Шоқайдың, мұраттас, пікірлес достарының, қызметтестерінің естеліктері және қазақ тілінде бұрын жарық көрмеген кейбір еңбектерімен танысады.




Ғазалиев А.М., Сүлейменов Т.С., Головачёва В.Н., Огольцова Е.Г. Техникалық жоғары оқу орындары студенттерін жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу: Монография. – Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2015. – 203 б.

Монографияда "Мәңгілік Ел" патриоттық актісіне негізделген өнеркәсіптің стратегиялық маңызды салалары - металлургия, мұнай-газ, сонымен қатар құрылыс, көлік-коммуникация және энергетика кешендері үшін техникалық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіптік даярлау процесінде Жаңа Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу тұжырымдамасы мазмұндалған.



Құрманбайұлы Ш. Мәртебелі тіл мәселелері: сұхбаттар. – Алматы, 2014. – 272 б.

Бұл жинақта белгілі тілші-ғалым Ш.Құрманбайұлының тіл саясатының, қазақ тіл ғылымының, терминтанудың, ономастика мен тіл мәдениетінің, сондай-ақ ұлттың және қоғам өмірінің өзекті мәселелеріне қатысты әр жылдары баспасөзге берген сұхбаттары, ой-пікірлері хронологиялық ретпен беріліп отыр. Кәсіби дайындығы жоғары, тәжірибесі мол, өзіндік көзқарасы, мен азаматтық позициясы бар ұлтжанды ғалымның айтар ойы мен тұжырымдары жұртшылықты, мамандарды бей-жай қалдырмайды.




Нұрпейісова М.Б. Үш орта: Инженерлік білімнің Хан Тәңірі – Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың 80 жылдығына арналады. – Алматы, 2014. – 676 б.

Туған жерін, өскен елін сүйе білген қайраткер әйел, халқы үшін елу жылдай аянбай адал еңбек еткен, білімді де білгір ғалым Маржан Байса Нұрпейісованың оқушылар назарына ұсынып отырған бұл ғұмырнамалық кітабында автордың жан сыры, ой-түйіндері баяндалады. Шығарманың көптеген тағандары «Көкшенің көлдеріндей тасып жүрем», «Машановтың ғылыми мектебі», «Атамекен» атты кітаптарында және «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын», «Арқа ажары», «Көкшетау», «Түркістан» газеттерінде жарияланды.

Автор өмір өткелдерінен сыр шерте отыра, бүгінде үлкен бір әулеттің отанасы болғандықтан, жеті атасынан бері қарай таратып, бүгінгі сәбиге дейін әкеледі және кезінде өзі қызметтес әрі жолдас болған ел аға қоғам қайраткерлерінің, замандастарының адамгершілік қасиет ұлағатты сөздерін әңгімелейді. Сонымен қатар, қаламгер оқырманын ертеңі мені бүгінгі туралы ойландырады. Ел үшін еткен еңбектің текке кетпейтінін тілге тиек етеді.

Құрманбайұлы Ш. Толғаулы тіл. – Астана: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 372 б.


Бұл жинаққа ғалымның ономастика, тіл саясаты, аударма, оқытудың әдістемесі, орфография мен орфоэпия және өзге де тіл білімінің өзекті мәселелеріне арналған, әр жылдары мерзімді және ғылыми басылымдар- да жарияланған, ғылыми монографиялары мен оқу құралдарына енбеген бірқатар мақалалары топтастырылып беріліп отыр.





Рысбеков Қ.Б., Айтқазимова Ш.Қ. Аэроғарыштық түсіріс әдістері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2014. – 154 б.

Оқу құралында ғарыштан Жерді қашықтықтан зондтаудың әртүрлі әдістерінің физикалық негіздері мазмұндалған. Ғарыштық түсірулерді жүргізудің теориялық негіздері, түсіру аппаратурасының техникалық параметрлері және қашықтықтан зондтаудың мәліметтері қаралады. Жерді қашықтықтан зондтаудың қазіргі және болашақ бағдарламаларының сипаттамалары келтірілді.



Низаметдинов Ф.К., Куанышбекова А.А., Исакаев М.Б., Турбеков С.В., Капасова А.З. Күрделі тау-кен геологиялық жағдайларда кеніштер қиябетінің тұрақтылығын зерттеу: Монография. – Алматы, 2015. – 134 б.

Тау жұмыстарын қауіпсіз жүргізу мен тиімділігін жоғарлату үшін кенорындарындағы кеніштердің жағдаймаңы шыңтастарының тұрақтылығын бақылау және негіздеумен байланысты маңызды ғылыми-практикалық есептерді шешу қарастырылған. Жағдаймаңы шыңтастарының құрылымы мен тау жыныстарының физика-механикалық қасиеттері негізінде ашық кеніш ернеулері мен қиябет кемерлерінің тұрақтылығын зерттеу сұрақтары айқындалған.



Теория социальной работы: учебник для бакалавров / под ред. Е.И. Холостовой, Л.И. Кононовой, М.В. Вдовиной. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 345с.

В учебнике социальная работа рассматривается как феномен общественного развития России. Анализируются современные теории и актуальные проблемы социальной работы и социального образования. Значительное внимание уделяется научному обоснованию социального развития и социальной работы в условиях модернизации общества, формированию системы социальной защиты населения. Дается анализ социального обеспечения граждан в нашей стране.



Лазарев, В.В., Липень С.В. Теория государства и права: учебник для академического бакалавриата. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 521 с.

Издание отличается оригинальной подачей материала, является разноуровневым и предназначено как для базового, так и для углубленного изучения теории государства и права. В нем анализируются принципиальные теоретические проблемы, и дается обзор доктрины на основе общих и специальных работ по каждой теме на качественно более высоком уровне.

Содержание учебника соответствует актуальным требованиям Федерального государственного образовательного стандарта высшего образования.





Розанова Н.М. Макроэкономика, Практикум: учеб. пособие для магистратуры. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 496 с.

В книге раскрыты ключевые особенности практического применения макроэкономического анализа на уровне магистратуры. Даны задания и упражнения разной степени сложности с детальным разбором и дополнительными комментариями. Логика издания позволяет оптимальным образом организовать самостоятельную работу студента в ходе обучения, предлагает ясную структуру всех видов работ, требуемых для адекватного представления о макроэкономических проблемах, макроэкономической политике государства и макроэкономической среде бизнеса.

Экономика и управление в энергетике: учебник для магистров / под общ. ред. Н.Г. Любимовой, Е.С. Петровского. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 485с.

Представлены состояние отрасли и перспективы технического развития, экономическая природа, состав и проблемы эффективного использования факторов энергетического производства, технико-экономические характеристики агрегатов, электростанций и энергокомпаний, инструментарий ведения технико-экономических расчетов, методология расчетов критериев эффективности инвестиционной деятельности, формирование и механизмы функционирования целевой модели рынков энергии и мощности, методические подходы к формированию цен и регулируемых тарифов на товары и услуги, оказываемые энергокомпаниями, а также иные методические подходы к решению традиционных и новых проблем, возникающих в электроэнергетике в связи с завершением построения конкурентных отношений на рынках энергии и мощности и переходу к целевой модели рынка.





Тяпухин А.П. Логистика: учебник для бакалавров. - М.: Издательство Юрайт, 2015. – 568 с.


Учебник разработан на основе современных достижений науки об управлении потоками ресурсов на отдельных предприятиях и в цепях поставок, в том числе на основе научных исследований автора в области логистики. Учебник содержит необходимый объем материала, отражающего закономерности управления сложными экономическими системами в современных условиях, и включает вопросы и задания, позволяющие контролировать качество обучения.



Катаева А.Г., Катаев С.Д., Гандельман В.А. Немецкий язык для гуманитарных вузов: учебник для бакалавров. - М.: Издательство Юрайт, 2015. – 318 с.

Учебник состоит из двух разделов, которые обладают единой структурой и обеспечивают пошаговое овладение материалом. Первый раздел охватывает вводно-коррективный курс, состоящий из 8 уроков. Второй раздел — основной курс, включающий в себя три тематических цикла, каждый из которых посвящен одной широкой теме и состоит из трех уроков.

Все упражнения учебника направлены на практическое овладение немецким языком и носят коммуникативный характер. Упражнения делятся на тренировочные и речевые. Речевые упражнения нацелены на диалогическую речь и концентрируют внимание обучающихся на содержании высказывания.



Макроэкономика: учебник для прикладного бакалавриата / под ред. А. С. Булатова. - М.: Издательство Юрайт, 2015. - 411с.

